

**2023 жылға арналған Нұра ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы**

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 19 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 мамырда № 6408-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-3-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндеттерін атқарушысының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 "Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығы негізінде, Нұра аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері 2023 жылға бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұра аудандық мәслихатының өнеркәсіп, құрылыс, жолаушылар көлігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, аграрлық мәселелері және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нұра аудандық мәслихатының төрағасы*

*К. Жунусбеков*

Нұра аудандық  
мәслихатының

2023 жылғы 27 сәуірдегі

№ 19

шешіміне қосымша

**2023 жылға арналған Нұра ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері**

№	Атауы	Айына 1 шаршы метр шығыстардың ең төмен мөлшері (теңге)
	Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум	

1	объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері	39,45
---	---	-------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК